

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ
ДҮНИЕ ЖҮЗІ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ КАФЕДРАСЫ

«1203 IDM Ежелгі дүние тарихы»
ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B01601 -Тарих» білім беру бағдарламасы

Оқу түрі: күндізгі, күзгі семестр, 6 кредит, 1 курс

Алматы, 2024

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к. Мухажанова Т.Н.

Бағдарлама оқу жұмыс жоспары және «6В01601 - Тарих» білім беру бағдарламасының пәндер каталогы негізінде әзірленді.

Бағдарлама «Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану» кафедрасының мәжілісінде бекітілді. Хаттама № __ «__» __2024 ж.

Кафедра меңгерушісі _____

Р.С. Мырзабекова

Кіріспе

Қорытынды бақылау формасы: тест емтихан (онлайн)

Қорытынды бақылау платформасы: тест.

Қорытынды бақылауды өткізу технологиясы:

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

Прокторлар, аудиторияда өтетін әдеттегі емтихандағыдай емтихан тапсырушылар сынақтан таза жолмен өтуін бақылайды: тапсырмаларды өз бетімен, дербес орындауы, қосымша материалдар қолданбауы қадағаланады. Онлайн-емтиханды шынайы уақыт аралығында вебкамера арқылы маман бақылауы мүмкін немесе бағдарлама арқылы бақылау болуы мүмкін, бұл жағдайда сынақ тапсырушының жұмыс үстелі, кадрдағы адам саны, бөгде дыбыстар немесе дауыстар, тіпті көзқарастың қозғалуы да бақыланады (киберпрокторинг). Көбіне аралас прокторинг түрі қолданылады: бағдарлама көрсеткен ескертулер жазылған видеожазбаны маман қарап, шынында да тәртіп бұзу орын алғандығын анықтайды.

Тестілеу

ұзақтығы:

- Универ жүйесінде – 40 сұраққа 90 минут, 1 ғана әрекет

Емтиханды өткізу тәртібі:

– емтихан алдын-ала белгіленген кесте бойынша өткізіледі;

Оқытушы:

Таңдап алынған жүйе талаптарына сәйкес тест сұрақтарын дайындайды:

- тестілеудің міндеті оқу нәтижелерін игеруге жоспарланған дағдылар мен шеберліктермен салыстыру болып табылады;

- - тестер критерийлік-бағдарлық тәсіл аясында жасалады;
- - тестер жүйесін жасағанда келесі принциптер басшылыққа алынды:

1. материалдың маңыздылығы;
2. ғылыми шынайылығы;
3. тест мазмұнының ғылымның заманауи деңгейіне сәйкестігі;
4. репрезентативтілігі (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі);
5. бірте-бірте күрделене түсуі;
6. тест тапсырмаларының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі;
7. кешенділігі және баланстылығы (негізгі тақырыптардың кешенді көрініс табуы және негізгі теориялық материал мен практикалық қызмет әдістерінің баласты түрде көрініс табуы);
8. мазмұн мен форманың өзара байланысы;

Қорытынды бақылауды бағалау критерийлері: Емтихан қабылдау барысында студенттің теориялық білімі ғана емес, мәселе бойынша оның анализ жасау, жүйелеу, талдау, бағалау критерийлері бойынша қабілеттері, яғни теориялық білімін практикада пайдалана білу қабілеттері бағаланады. Билеттің 1-ші сұрағы когнитивті қабілеті бойынша құрастырылғандықтан 30 балмен бағаланады, 2-ші сұрағы функционалды қабілетті анықтайтындықтан 33 балмен, ал 3-ші сұрағы жүйелі қабілетті анықтайтындықтан 37 балмен бағаланады, барлығы – 100 балл.

«Өте жақсы» – теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; практикалық тапсырма толығымен шешілген; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, ауатты берілген; шығармашылық қабілеттері көрсетілген.

«Жақсы» – теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі; материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.

«Қанағаттанарлық» – жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі; тәжірибелік тапсырма толық емес; материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.

«Қанағаттанарлықсыз» – жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген; практикалық тапсырма орындалмаған; баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған.

Емтихан тапсырмалары құрастырылатын тақырыптар:

Ежелгі Египет. Египеттің ежелгі патшалығы. Перғауын және оның деспотиялық билігі. Номдарға бөліну. Орта патшалық тұсындағы Египет. Елдің бірігуі. Өлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі. Гиксостар. Гиксостардың қуылуы. Жаңа патшалық дәуіріндегі Египет. XVIII әулет перғауындарының жаулаушылықтары, империяның құрылуы. IV Аменхотептің (Эхнатона) саяси-діни реформалары және оның жойылуы. Жаңа патшалық аяғындағы Египеттің құлдырауы. Шетжерліктердің билігіндегі Египет (б.з.д. I мыңжылдық). Египет Парсы державасының қоластында. Ежелгі Египет мәдениеті.

Ежелгі Месопотамия (Қосөзен)

Географиялық орналасуы, халқы. Қосөзенде мемлекеттің қалыптасуы. Месопотамияның б.з.д. III мыңжылдықтағы тарихи дамуының негізгі үдерістері.

Елдің географиялық орналасуы. Тигр және Евфрат ұлы өзендері. Қосөзенде ирригациялық егіншіліктің дамуына ықпал еткен жағдайлар. Месопотамияны адамдардың қоныстану үдерісі. Қолдан суғару жүйесінің пайда болуы және неолит дәуірінде егіншіліктің дамуы. Б.з.д. V-IV мыңжылдықтардағы маңызды археологиялық мәдениеттер, олардың сипаттамасы. Қоғамның жіктелуі.

Шумер – б.з.д. III мыңжылдықтың I-жартысындағы елдің экономикалық, саяси, және мәдени өмірінің орталығы. Шумер қала-мемлекеттерінің ертеәулеттік дәуірдегі саяси тарихы. Лагаш, оның көтерілуі мен құлауының тарихы. Урунимгина реформалары.

Аккад билігіндегі Месопотамия. Кутилердің талқандалуы және орталығы Ур болған Шумер–Аккад патшалығының құрылуы. III Ур әулеті тұсындағы деспотия, бюрократия және әскер. Амореялар мен эламдықтардың шапқыншылығы және Шумер–Аккад патшалығының құлауы. Б.з.д. II мыңжылдықтағы Месопотамия. Вавилонның күшеюі. Касситтік әулет тұсындағы Вавилон. Ортаассирия дәуіріндегі Ассирияның күшеюі. Арамей тайпаларының басып кіруі және Ассирия мемлекетінің құлдырауы. Ассириялық және Жаңававилондық державалар. Вавилонға Ассирия билігінің орнауы. Жаңававилон державасының құрылуы. Оның II Новуходоносор тұсында күшеюі. Вавилония Парсы саяси жүйесінің аясында.

Хетт патшалығы. Б.з.д. II–I мыңжылдықтардағы Кіші Азияның батысындағы мемлекеттер. Фригия патшалығы және оның Кіші Азияның батыс бөлігіне үстемдігі. етт патшалығының Жаңахеттік кезеңдегі қайта өрлеуі. Жерорта теңізінің шығыс жағалауы және Алдыңғы Азияда үстемдік ету үшін күрес. «Теңіз халықтарының» шабуылы және Хетт державасының құлауы. Хетт экономикасы. Хетт мәдениеті.

Ежелгі дәуірдегі Сирия, Финикия, Палестина, Карфаген. Ежелгі Иран мен Орта Азияның табиғаты мен халқы. Элам және Мидия – Иран территориясындағы ең ежелгі мемлекеттер. Киелі кітаптар жинағы «Авеста». Б.з.д. VI–IV ғғ. «Әлемдік» Парсы державасы. I Дарийдің әкімшілік-қаржы реформалары. Алдыңғы Азия мәдениетінің парсы мәдениетінің қалыптасуына ықпалы. Парсы державасында мәдениеттердің синкреттелу үдерісі.

Ерте дәуірдегі Оңтүстік Азияның территориясы, табиғаты мен халқы. Ең ежелгі (Инд) өркениет. Мохенджо-Даро және Хараппа. Инд өркениетінің құлдырауы, оның тарихи маңызы. Ганг аңғарындағы алғашқы мемлекеттер (б.з.д. I мыңж. II–I-ші жартысы). Арий мәселесі. Ауыл шаруашылығы мен қолөнердің гүлденуі. Қалалар мен сауда. Варналар жүйесі. Брахманизм діні. Жалпыүнділік державаның пайда болуы мен ыдырауы

(б.з.д. I мыңж. II-ші жартысы). Үндістанға грек-македондықтардың басып кіруі және олармен күрес. Маурилер империясы және оның гүлденуі.

Ежелгі Қытайдың табиғат жағдайлары мен халқы. Қытайдағы ежелгі мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы. Шань-Инь мен Чжоу. Чжаньго дәуіріндегі экономикалық алға басулар. Жерге жеке меншіктің дамуы. Цинь патшалығындағы Шан Янь реформалары. Философиялық ілімдер мен мектептердің пайда болуы. Қытайдағы алғашқы орталықтандырылған мемлекет – Цинь империясы. Цинь Шихуандидің сыртқы саясаты. Ұлы Қытай қорғанының салынуы. Әлеуметтік-саяси қайшылықтардың шиеленісуі және б.з.д. III ғ. аяғындағы халық көтерілісі.

Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ. Хань империясы. У-ди билігі және оның реформалары. Әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі және б.з. I ғ. халық көтерілістері. Ван Ман реформалары. Ежелгі Қытайдағы феодалдану үдерісі. «Сары орамалдылар» көтерілісі. Өзара қырқыстар және империя бірлігінің жойылуы. «Үш патшалық» және феодалдық орта ғасырлардың басалуы. Ежелгі Қытай мәдениеті.

Ежелгі Грекия тарихы – еуропалық өркениет негіздерінің қалыптасу тарихы. Б.з.д. VIII ғ. Жерорта теңізі және ұлы грек отарлауы. Ерте грек тираниясы және оның полистік құрылыстың қалыптасуындағы рөлі. Грекияның жекелеген аудандарының әрқелкі дамуы. Грек полисінің сипаттамасы. Азаматтық ұғымы. Азаматтық және әскери ұйымның біртұтастығы. Мемлекеттік билік сипаты. Полистік мораль. Полис тарихтағы қоғамдық-саяси ұйымның өркениеттік формаларының бірі ретінде. Грек полистерінің тұрпаттары. Б.з.д. VIII-VI ғғ. Пелопоннес. Спарта аграрлық полистің үлгісі ретінде. Спартада мемлекеттің пайда болу ерекшеліктері. Спарта қоғамының сословиелерге бөлінуі. Спартаның мемлекеттік құрылысы. Афины қолөнер-аграрлық полис ретінде. Драконттың құқықты жазбаға түсіруі. Әлеуметтік күрестің шиеленісуі. Солон заңдары. Оның экономикалық және саяси реформалары. Афинадағы тирания. Писистраттың ішкі және сыртқы саясаты. Афинадағы тиранияның құлауы және оның себептері. Билікке Клисфеннің келуі. Клисфен заңдары және Афина демократиясының қалыптасуы.

Грек-парсы соғыстары және оның Грекияның дамуына ықпалы. Б.з.д. V-IV ғғ. Грекия экономикасы. Грек экономикасының екі негізгі тұрпаты: афиналық және спарталық. Афинадағы экономика интенсивті полистік экономика үлгісі ретінде. Ауыл шаруашылығы. Салалар құрылымы. Егін, жүзім, зәйтүн шауруашылықтарының рөлі. Шаруашылықтың негізгі тұрпаттары. Қолөнер. Негізгі салалар. Құл эргастері және құл еңбегін ұйымдастыру. Техниканың даму деңгейі. Құлдар мен құл еместер еңбегінің арақатынасы. Сауда. Грек экономикасының аграрлық сипаты. Спарта, Беотия, Фессалия. Ауыл шаруашылығының қолөнер мен сауданың арақатынасы. Бірінші тұрпаттан ерекшеліктері.

Б.з.д. V-IV ғғ. Грекиядағы әлеуметтік құрылым. «Классикалық құлдық» ұғымы және оның негізгі ерекшеліктері. Классикалық Грекиядағы негізгі таптар: құлдар, құл иелері, ұсақ өндірушілер. Спарта қоғамының таптық-сословиелік құрылымы: спартиаттар мен периэкттер. Илоттар, олардың мүлкіктік және қоғамдық жағдайы. Заманауи әдебиеттегі илоттарға көзқарас. Афиналық демократия мен спарталық олигархия б.з.д. V ғ. саяси жүйелер ретінде. Парсылардың жеңгеннен кейін Афинада демократиялық құрылыстың рәсімделуі. Эфиалт пен Перикл реформалары. Бірінші Афиналық теңіз одағы және оның Афины архэсіне айналуы. Спартаның саяси құрылымы. Б.з.д. V ғ. Пелопоннес одағы. Оның құрылымы және ұйымы, Афина державасынан ерекшеліктері. Афина архэсі мен Пелопоннес одағының б.з.д. 460-430 жж. өзара қарым-қатынастары. Пелопоннес соғысы. Афинаның жеңілісі.

Александр Македонский жаулаушылықтары. Алдыңғы Азия Александр жаулаушылықтары қарсаңында. Шығыс жорықтарына әскери-саяси дайындық. Жорықтар тарихы, негізгі шайқастар. Александрдың жаңа қалалардың негізін қалауы. Жауланып алынған аймақтарға қатысты саясат. Александр мен Македонсий әскеріне оппозиция. Державаның құрылуы. Александрдың оның тұтастығын арттыру бағытындағы

экономикалық және әлеуметтік-саяси шаралары. Александрдың тұлғасы және қызметі. Оның жаулаушылықтарының тарихи маңызы. Александр мұрагерлері (диадоктар) арасындағы күрес және жаңа (эллинистік) мемлекеттердің құрылуы. Эллинистік мемлекеттер жүйесі. Эллинизмнің мәні. Ең ірі эллинистік мемлекеттер: Селевкилер мемлекеті, эллинистік Египет, Македония, Пергам патшалығы. Эллинизмнің мәні. Оның гректік және шығыстың негіздері. Эллинистік мәдениет.

Ең ежелгі дәуірдегі Рим. Патшалық дәуірдегі Рим (б.з.д. VIII - VI ғғ.). Патрицийлер мен плебейлер күресі. «Ежелгі Рим» ұғымының шарттылығы. Пәннің географиялық және хронологиялық шектері. Ежелгі Рим тарихының дәуірлері. Италия мен Жерорта теңізінің географиялық орналасуы мен табиғат жағдайлары. Италия халқы. Италиядағы алғашқы өркениеттер (б.з.д. VIII-VI ғғ.). Б.з.д. VIII ғ. этрускилер. Плебейлердің патрицийлерімен күресі ерте Римнің әлеуметтік тарихының негізі ретінде. Күрестің себептері мен негізгі кезеңдері. Плебейлердің негізгі талаптары. Әдет-ғұрып құқығының XII кесте заңдарында жинақталуы және оның Рим қоғамындағы маңызы.

Плебейлер мен патрицийлер күресінің аяқталуы. Әлеуметтік құрылымның өзгеруі, жаңа сословиелер – нобилитет, салтаттылар, плебстің қалыптасуы. Б.з.д. IV-III ғғ. Римнің мемлекеттік құрысы. Комициялар, олардың түрлері және рөлі. Сенат, оның ұйымдасуы және құзіреттері. Магистратуралар: әдеттегі және экстраординарлық. Римнің мемлекеттік құрылысының олигархиялық сипаты. Римдегі саяси топтардың күресі. Рим армиясы және оның ұйымдасуы. Б.з.д. IV-III ғғ. Рим - тұрпатты полис. Римнің Карфагенмен Батыс жерорта теңізіндегі үстемдік үшін күресі. Пуни соғыстары. Римнің Шығыс Жерорта теңізіндегі экспансиясы және оның Жерорта теңізіндегі алып державаға айналуы. Б.з.д. II-I ғғ. аяғындағы Рим қоғамындағы таптық және әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі. Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Көтерілістің себептері, бағдарламасы, барысы. Аграрлық реформалар жолындағы күрес. Полистік құрылымдардың дағдарысы. Рим республикасы саяси жүйесінің дағдарысы. Б.з.д. I ғ. 60-50-шы ээ. Римдегі ішкі саяси күрес. Алғашқы триумвираттың ыдырауы. Римдегі саяси анархия. Помпейдің сенат олигархиясымен одағы. Цезарь мен Помпей арасындағы азаматтық соғыс. Цезарь – Рим диктаторы. Цезарь қайтыс болғаннан кейінгі азамат соғыстары. Цезариандар мен республикашылдар, олардың әлеуметтік құрамы. Екінші триумвират және проскрипциялар. Антоний мен Октавианның жоғарғы билік үшін күресі, олардың саяси бағдарламалары. Ақция түбіндегі шайқас. Египеттің Римге қосылуы.

Рим империясы (б.з.д. I ғ. – б.з. V ғ.)

Октавиан Августтың билік құруы. Монархиялық құрылыстың ұйымдасуы, принципат формасындағы монархиялық жүйе негіздерінің қалыптасуы. Август принципатындағы республикалық құрылыс элементтері. Провинциялармен қарым-қатынас. Августтың сыртқы саясаты. I-II ғғ. Рим империясындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Ежелгі дүниедегі классикалық құлдықтың ең жоғарғы дамуы. Әлеуметтік қарсылықтың діни формада көрініс табуы. Христиан дінінің пайда болуы және ерте тарихы. Юлий-Клавдийлер және Флавийлер әулеттерінің билігі. Рим империясының «Алтын ғасыры» II ғ. аяғына қарай Жерортатеңізіндегі Рим қоғамының тарихи дамуының негізгі нәтижелері. Б.з. III ғ. дағдарыс. III ғ. дағдарыстан шығу. Диаклетиан мен Максимианның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалары. IV-V ғғ. Рим қоғамы мен мемлекеті. Доминат үйесі (Рим абсолютизмі). Халықтардың Ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясы. Антика қоғамы құлауының экономикалық және әлеуметтік-саяси себептері. Ромул Августулдың тақтан тайдырылуы және Рим империясының ақыры.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Вигасин А.А. Восток в древности. М., 2007.
2. История Древнего Востока: учебное пособие / Д. В. Деопик; – М.: Издательство ПСТГУ, 2014. – 302 с.

3. История Древнего Востока. Зарождение древнейших классовых обществ и первые очаги рабовладельческих цивилизаций. Ч.1./Под ред. И.М.Дьяконова.-М.,1983.-Ч.2/Под ред. Г.М.Бонгард-Левина.-М.,1988;
4. История Востока. В 6-ти т. Т.1. Восток в древности. М., 1996.
- 5.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
6. История древней Греции. / под ред, В.И.Кузицина. – М., 2000.
7. История Древнего Рима. / Под ред. В.И.Кузицина. – М., 2014.
8. История Древнего Рима: учебное пособие / В. И. Кузицин, И. А. Гвоздева ; под. ред. В. И. Кузицина .- 3-е изд., стер. – М.: Академия, 2012 .- 446с.
9. Васильев Л.С. История Востока : учебник для магистров : [в 2 томах] / Л. С. Васильев ; Высш. шк. экономики, Нац. исслед. ун-т .? 6-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2014 . Т. 1. – 2014 . – 722 с.
10. Ковалев С.И. История Рима. – М.: АСТ; СПб.: Полигон, 2006.
- 11.Қартабаева Е.Т., Мырзабекова Р.С. Ежелгі дүние тарихы. – Алматы: ҚазҰУ, 2014.

Қосымша:

1. Анго М. Классическая Индия. / Пер. с франц. М., 2007.
2. Античная демократия в свидетельствах современников. М., 1996.
3. Античная Греция. Становление и развитие полиса/Под ред. Е.С. Голубцовой и др. - М.,1983.- Т.1-2.
4. Берлев О.Д. Общественные отношения в Египте эпохи Среднего Царства. М., 1972.
- 5.Бокщанин А.Г. Парфия и Рим. М., 1967.
- 6.Берве Х. Тираны Греции. - Ростов - на - Дону, 1997.
- 7.Бонгард-Левин Е.С., Ильин Г.Ф. Индия в древности. - М.,1985.
- 8.Бузескул В.П. История афинской демократии. СПб., 2003.
9. Гарни О.Р. Хетты. Разрушители Вавилона. М., 2009
10. Қартабаева Е.Т. Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы. – Алматы, 2015.

Интернет-ресурстар:

- Ежелгі дүние тарихының барлық бөлімдері - <http://annals.xlegio.ru/>
- ММУ тарих факультетінің сайтындағы ежелгі дүние тарихы бойынша тарихи деректер - <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/index.html>
- Ежелгі Рим тарихы - <http://ancientrome.ru/site/index.htm>
- Санкт-Петербург мемлекеттік университеті антикатану орталығы - <http://www.centant.pu.ru/>
- РҒА египеттану зерттеулер орталығы - <http://www.cesras.ru/>

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: *Ежелгі дүние тарихы*. **Форма:** жазбаша (оффлайн). **Платформа:** Univer АЖ

	ДЕСКРИПТОР ЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50-69% (15-20 балл)	25-49% (8-14 балл)	0-24% (0-7 балл)
<p>1-ші сұрақ</p> <p>Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну</p> <p>30 балл</p>	<p>«Өте жақсы» барлық бағасы үш сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың мысалдарымен көрсетілген жауап үшін қойылады.</p>	<p>«Жақсы» бағасы барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық қамтылмаған, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдері көрсетілген жауап үшін қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде кемшіліктең жіберілуі мүмкін. Жауапта кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.</p>	<p>«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, мәлімдеп жазу барысында материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдары негізінде сипаттамайды.</p>	<p>Қойылған сұрақтарды дұрыс аша алмағанда, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасалған жағдайда.</p>	<p>Пән бойынша негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, сұрақта көрсетілген фактілер мен оқиғаларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.</p>

<p>2-ші сұрақ</p> <p>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</p> <p>30 балл</p>	<p>Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа дәлелді беру, практикалық мәселелерін шешу; толық жауап пәннің</p>	<p>Оқу тапсырмасын ішінара орындау пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;</p>	<p>Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.</p>	<p>Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.</p>	<p>Тапсырманы шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.</p>
<p>3-ші сұрақ</p>	<p>Оқу тапсырмасын толық орындау,</p>	<p>Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4</p>	<p>Негізделген ғылыми ережелердің</p>	<p>Нақты фактілерді,</p>	<p>Тапсырма орындалмады, қойылған</p>

<p>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</p> <p>40 балл</p>	<p>қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; сұрақ тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу;</p> <p>қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, дегенмен тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.</p>	<p>дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді. Өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды нақты негіздей алмауы да ескеріледі.</p>	<p>қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.</p>	<p>ақпараттарды және олардың сипаттамасын білмеу және көрсетпеген. Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.</p>	<p>сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.</p>
---	--	---	---	--	--